

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Сәтбаев университеті

Металлургия және өнеркәсіптік инженерия институты

Металлургия және пайдалы қазбаларды байыту кафедрасы

Марат Айгерим Жанболатқызы

Тақырыбы: «Өнімділігі 3,0 млн. тонна/жылына полиметалды кенді өңдейтін
байыту фабрикасының жобасы»

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

Мамандығы 5В073700-Пайдалы қазбаларды байыту

Алматы 2020

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Сәтбаев университеті

Металлургия және өнеркәсіптік инженерия институты

Металлургия және пайдалы қазбаларды байыту кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ
МЖПҚБ кафедра меңгерушісі
техника ғылымдарының кандидаты
_____ М.Б. Барменшинова

қолы

« _____ » _____ 2020 ж.

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

Тақырыбы: «Өнімділігі 3,0 млн. тонна/жылына полиметалды кенді өңдейтін
байыту фабрикасының жобасы»

Мамандығы: 5В073700-Пайдалы қазбаларды байыту

Орындаған

Марат Айгерим Жанболатқызы

Ғылыми жетекші
тех.ғыл.канд., профессор

_____ Шауенов М.Р.
қолы

Алматы 2020

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТІРЛІГІ

Сәтбаев университеті

Металлургия және өнеркәсіптік инженерия институты

Металлургия және пайдалы қазбаларды байыту кафедрасы

5B073700 - Пайдалы қазбаларды байыту

БЕКІТЕМІН

АММ және ПҚБ кафедра меңгерушісі

Тех. ғыл. кандидаты, доцент

_____ М.Б. Барменшинова

қолы

«_____» _____ 2020 ж.

Дипломдық жұмыс орындауға ТАПСЫРМА

Білім алушы Марат Айгерим Жанболатқызы

Тақырыбы: Өнімділігі 3,0 млн. тонна/жылына полиметалды кенді өңдейтін байыту фабрикасының жобасы

Университет Ректорының 2020 жылғы " 27 " қаңтар № 762 -б бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі 2020 жылғы " 05 " маусым _____.

Дипломдық жұмыстың бастапқы берілістері: фабрика өнімділігі, кен ылғалдылығы, кен қаттылығы.

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі

а) Графикалық материалдардың тізбесі (міндетті түрде сызылатын сызбалар)

б) технологиялық схема, аппараттар тізбегі схемасы, ұсату цех сызбасы, ген.план

в) Өмір тіршілік қауіпсіздігі және еңбек қорғау сұрақтары

г) жұмыстың экономикалық тиімділігін есептеу

Сызба материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс)

Сызба материалдарының _____ слайдта көрсетілген

Ұсынылған негізгі әдебиеттер: Көшербаев Қ.Т. Кен байыту негіздері – Алматы 1998; Сажин Ю.Г. Расчеты схем рудоподготовки и выбор оборудования для дробления, грохочения, измельчения и классификации- Алматы 2005; Злобинский Б.М. Охрана труда в металлургии Москва; Металлургия 1975, Шоқабаев Т.Д. Экономика предприятия.

Дипломдық жұмысты дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Технологиялық сұлбаның дәйектемесі мен есептеуі	25.02.2020 – 12.03.2020	
Құрал-жабдықтарды таңдау және есептеу	15.03.2020 – 25.03.2020	
Сызбаларды даярлау	27.03.2020 – 10.04.2020	
Түсіндірме жазбаны әрлеу	10.05.2020 – 5.06.2020	

Дипломдық жобаның және оған қатысты диплом жобасының бөлімдерінің
кеңесшілері мен нормалық бақылаушының
қолтаңбалары

Бөлімдердің атауы	Кенесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Өндірістік бөлімі	Шаутинов М.Р. техн.ғыл.канд., доцент		
Норма бақылау	И.Ю. Мотовилов PhD, ассистент профессора		

Ғылыми жетекші _____
қолы

Шаутинов М.Р.

Тапсырманы орындауға алған білім алушы _____
қолы

Марат А.Ж.

Күні

« ____ » _____ 2020 ж.

АҢДАТПА

Орындалған дипломдық жоба жылына 3 млн тонна Риддер-Сокол кен орнының мыс, қорғасын және мырыш кенін байыту фабрикасына арналған.

Жобаны зерттеу үрдістері барысында кенді өңдеуде технологиялық сызба таңдалып, үш сатылы ұсату, екі сатылы ұнтақтау, мыс-қорғасын-мырыш концентратына коллективті-селективті флотацию технологиясы жасалды.

Технологияның басты өнімі мыс концентраты, оның ішінде мыстың үлесі 30% және концентратқа бөліп алу дәрежесі 85%. Қорғасын концентраты, оның ішінде мыстың үлесі 65% және концентратқа бөліп алу дәрежесі 80%. Мырыш концентраты, оның ішінде мыстың үлесі 60% және концентратқа бөліп алу дәрежесі 92%.

Өндірістің құрылысына кеткен капиталды шығынның өтеу мерзімі 2,5 жыл және тиімділігі 44,67%.

АННОТАЦИЯ

Объектом выполнения дипломного проекта является обогатительная фабрика для переработки руд Риддер-Сокольного месторождения с годовой производительностью 3 млн тонн руд.

В процессе разработки проекта выбрана технологическая схема переработки руды, включающая: трехстадиальное дробление руды, двухстадиальное измельчение, коллективно – селективную флотацию медно-свинцово-цинкового концентрата. Разработаны чертежи цеха дробления, главного корпуса, генерального плана.

Конечным продуктом технологии является медный концентрат с содержанием меди в концентрате 30 % и извлечением ее в концентрат 85 %. Свинцовый концентрат, с содержанием свинца в концентрате 65% и извлечением его в концентрат 80 %. Цинковый концентрат, с содержанием цинка в концентрате 60% и извлечением его в концентрат 92 %.

Срок окупаемости капитальных затрат на строительство предприятия 2,5 года и прибыль 44,67%.

THE SUMMARY

Object of implementation of the degree project is the concentrating factory for processing of ores of the Ridder-Sokolny field.

In process of development of the project the technological scheme of processing of ore including is chosen: trekhstadiyalnoye ore crushing, dvukhstadiyalnoye crushing, collectively – selective flotation of a copper and zinc-lead concentrate. Drawings of shop of crushing, the main case, the general plan are developed.

The final product of technology is the copper concentrate with the content of copper in a concentrate of 30% and her extraction in a concentrate of 85%. A lead concentrate, with the content of lead in a concentrate of 65% and his extraction in a concentrate of 80%. A zinc concentrate, with the content of zinc in a concentrate of 60% and his extraction in a concentrate of 92%.

Term of payback of capital costs of construction of the enterprise 3 years and profit 44,67%.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ		9
1	Жалпы түсініктеме жазбасы.....	10
1.1	Құрылыс алаңының жобалық сипаттамасы.....	10
1.2	Негізгі жобаның шешімдер	10
1.3	Бастапқы мәліметтер.....	11
1.4	Негізгі технико – экономикалық көрсеткіштер.....	11
1.4.1	Жұмысшылардың саны және мамандық құрамы.....	11
1.5	Өндіріс экономикасы. Есептеуге қажетті бастапқы алғы шарттар...	11
1.5.1	Ғимараттарға кеткен шығын және олардың амортизациясы.....	12
1.5.2	Жабдықтарға кеткен шығын және олардың амортизациясы.....	12
1.5.3	Өзіндік құн және шикізат өңдеу калькуляциясы.....	14
2	Бас жоба және көлік.....	16
2.1.1	Құрылыс алаңының сипаттамасы.....	16
2.1.2	Бас жоба көрсеткіштері және шешімі.....	17
3	Өндіріс технологиясы.....	18
3.1	Шикізат қорының сипаттамасы.....	18
3.1.1	Цехтардың жұмыс істеу тәртібі және олардың өнімділігі.....	18
3.1.2	Істеп тұрған фабриканың жұмысын талдау.....	19
3.1.3	Технологиялық схеманы таңдау.....	21
3.1.5	Металл тепе – теңдігін және байытудың санды схемасын есептеу..	26
3.1.6	Флотацияның толық схемасын есептеу.....	27
3.1.7	Сусыздандыру схемасын есептеу	32
3.1.8	Негізгі жабдықтарды таңдау және есептеу.....	39
3.1.11	Сұрыптағыш жабдықтарын есептеу және таңдау.....	44
3.1.12	Байытуға арналған жабдықтарды таңдау және есептеу.....	45
3.1.13	Сусыздандыру жабдықтарын таңдау және есептеу.....	47
3.1.14	Реагенттер бөлімі.....	48
4	Еңбекті ұйымдастыру.....	52
4.1	Жалақы төлеу жүйесі.....	52
5	Сәулет – құрылыстық шешімдер.....	56
6	Қауіпсіздік және еңбекті қорғау	57
6.1	Еңбек қорғау заңдары.....	57
6.1.1	Қауіпті өндірістік факторлардың анализі.....	57
7	Қоршаған ортаны қорғау.....	59
7.1	Өндіріс қалдықтары және олардың мөлшері.....	59
7.1.1	Ауаны қорғау.....	59
7.1.2	Су қоймаларын қорғау.....	59
7.1.3	Жер қыртысын қорғау.....	60
Қорытынды.....		61
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....		62

КІРІСПЕ

Қазақстанда түсті металдар шикізатының ірі базасы қалыптасқан. Олардың ішінде жетекші орынды мыс, мырыш және қорғасын кендері алады. Бұл металдардың еліміздегі қоры бойынша, тиісінше әлемде үштіктер қатарында. Олар Қазақстан түсті металлургиясы базалық кәсіпорындарының (Жезқазған, Балқаш, Ертіс мыс, Шымкент, Риддер, Өскемен қорғасын мен мырыш) шикізат көзі болып табылады. Қазақстан әлемдегі ірі мыс өндіруші елдердің бірі. Республика аумағында мыс кентасының порфирлі, мысты құмтас, колчеданды, скарндық мысты-цеолитті, мысты-никельді, т.б. кен орындарының көптеген түрлері белгілі. Кез келген елдің дамуы мен өмірі оның табиғи ресурстарымен – өсімдік және жануарлар әлемімен, су қорларының болуымен, жерінің болуымен және жер қойнауының минералдық ресурстарға деген мүмкіндіктерімен анықталады. Қазір белгілі болып отырғанындай, ғылыми-техникалық прогрестің одан әрі дамуына байланысты, XX ғасырдың екінші жартысынан бастап бүкіл XXI ғасыр барысында адамдарға қажеттілігі тұрғысынан табиғи ресурстар ішіндегі негізгі рөл минералдық ресурстарға берілетін болады (70%). Қазіргі таңдағы шаруашылықты жүргізудің бүкіл дүние жүзі бойынша ең басты проблемаларының бірі жер қойнауының минералдық байлықтарын пайдаланудың тиімділігін қамтамасыз ету болып отыр. Кез келген елдің ұлттық қауіпсіздігі мен болашақ даму барысын, сайып келгенде, оның нақ осы минералдық ресурстары қамтамасыз ететін болады. Сондықтан да әрбір ел жер қойнауының байлықтарын үнемді түрде пайдалану мәселесіне айырықша мән береді, ал бұл жайт әрбір елге өзіне тиесілі минералдық ресурстардың түрлерін, мөлшерін және сапасын жақсы білуі қажеттілігін туындатады. Осы мәліметтерді жетік меңгерген жағдайда ғана жер қойнауын игеру стратегиясын дұрыс та сауатты жүргізуге, сөйтіп мемлекеттің өзге мемлекеттер қоршауында ұзақ та тиімді өмір кешуіне мүмкіндік туады.

Қорғасын мен мырыштың 100-ден аса кен орындары анықталып, 58-і балансқа алынған. Олардың негізгі қоры Шығыс Қазақстанда (Кенді Алтай) және Орталық Қазақстанда шоғырланған, сондай-ақ, Оңтүстік Қазақстанда да (Қаратау) кездеседі. Қазір қорғасын мен мырыштың 30-ға жуық кен орындары игерілуде.

Мыс, қорғасын және мырыш өнеркәсібінің ортақ шикізат базасы - полиметалл кендері бар. Ұзақ уақыт бойы олардың қоры жөнінен Шығыс пен Оңтүстік алда болды. Шығыстың кенінде қорғасынға қарағанда мырыш көп.

Біздің мемлекетіміздегі полиметалл өндірісінің басты ауданы - Кенді Алтай. Мұнда 3 ірі орталық бар - Зырян ауданы, Риддер және Өскемен.

Риддерде қорғасын мен мырыш өнеркәсібінің барлық кезеңдері - кенді өндіруден бастап, металл және қорытпа алуға дейінгі кезеңдер түгел қамтылған.

1 Негізгі бөлім

1.1 Құрылыс алаңы

Риддер кен байыту фабрикасы Шығыс Қазақстан облысы кенді Алтайда орналасқан. Риддер - Шығыс Қазақстандағы мыс, қорғасын, мырыш, т.б. сирек метал өндіретін Өскеменнен кейінгі үлкен өндірістік қала. Аса ірі өндірістік өнеркәсіп – полиметал комбинаты орналасқан. Кен орындарымен, байыту фабрикаларымен қоса «Казцинк» акционерлік қоғамынның құрамына кіреді. Риддер кен байыту фабрикасы “Қазмеханобр” ұсынған жоба бойынша салынған. Риддер кен байыту фабрикасының шығаратын өнімдері мыс, қорғасын және мырыш концентраты. Бұл кеніштің климаты өте континенталды, күрт ауытпалы болады. Жауын шашынын жылдық мөлшері 400-450 мм шамасында. Оның 70%-ы күзде жауады. Мыс, қорғасын және мырыш өнеркәсібінің ортақ шикізат базасы - полиметалл кендері бар. Ұзақ уақыт бойы олардың қоры жөнінен Шығыс пен Оңтүстік алда болды. Шығыстың кенінде қорғасынға қарағанда мырыш көп.

Біздің мемлекетіміздегі полиметалл өндірісінің басты ауданы - Кенді Алтай. Мұнда 3 ірі орталық бар - Зырян ауданы, Риддер және Өскемен.

Риддерде қорғасын мен мырыш өнеркәсібінің барлық кезеңдері - кенді өндіруден бастап, металл және қорытпа алуға дейінгі кезеңдер түгел қамтылған.

1.2 Негізгі жобалық шешімдер

Кеннің негізгі ерекшеліктерін ескеріп, сондай-ақ жұмыс істеп тұрған фабриканың нәтижесіне сүйене отырып, байытуға тек қана флотация әдісін қолдану қажет. Байыту коллективті-селективті технологиялық схемадан тұрады.

Кенді байытуға дайындау үшін төмендегідей үрдістер қолданылады:

- ірі ұсату;
- орта ұсату және майда ұсату;
- майда ұнтақтау және сұрыптау.

Көмекші процестер:

- қойылту;
- сүзу.

Барлық процестер ТМД-да жасалған жабдықтардың көмегімен іске асырылады. Фабрика құрамына төмендегідей цехтар мен бөлімдер кіреді:

- ұсату цехы;
- бас корпус;
- реагенттер бөлімі;
- механикалық жөндеу бөлімі;
- көмекші істер бөлімі;
- басқару бөлімі;

- асхана.

1.3 Бастапқы мәліметтер

- 1) Фабриkanың кенді өңдеу жылдық өнімділігі – 3 000 000,00 т
- 2) Металдарды бөліп алу дәрежесі:
 - Мыс – 85%
 - Қорғасын – 80%
 - Мырыш – 92%
- 3) Кендегі металдар мөлшері:
 - Мыс – 2.0 %
 - Қорғасын – 2.5 %
 - Мырыш – 3.0 %
- 4) Кен ылғалдылығы – 4 %

1.4 Негізгі техникo – экономикалық көрсеткіштер

1.4.1 Жұмысшылардың саны және мамандық құрамы

- 1) ИТР, МОП және қызметкерлер – 60 адам;
- 2) Жұмысшылар – 160 адам.

1.5 Өндіріс экономикасы. Есептеуге қажетті бастапқы алғы шарттар

- 1) Бастапқы кен бойынша фабрика өнімділігі: 3 000 000,00 тонна жылына;
- 2) Өндірілетін концентранттың жылдық жиынтығы және оның құрамындағы негізгі металдың мөлшері:
 - $Q_{Cu \text{ к-т}} = 18000 \text{ т/ж}$, $\beta_{Cu} = 30\%$;
 - $Q_{Pb \text{ к-т}} = 48750 \text{ т/ж}$, $\beta_{Pb} = 65\%$;
 - $Q_{Zn \text{ к-т}} = 54000 \text{ т/ж}$, $\beta_{Zn} = 60\%$;
- 3) Кендегі металдың мөлшері:
 - $\alpha_{Cu} = 2.0\%$;
 - $\alpha_{Pb} = 2.5\%$;
 - $\alpha_{Zn} = 3.0\%$;
- 4) Кен ылғалдылығы: 4%;
- 5) Смета бойынша барлық қаржы салымы: 771 619 500 теңге;
- 6) Ғимараттың құрылысына кеткен шығын: 45 548 035,00 теңге;
- 7) Жабдықтарға кеткен шығын: 14035650,00 теңге;
- 8) Санат бойынша жұмысшылардың саны:
 - ИТР – 26 адам; МОП – 34 адам; жұмысшылар – 160 адам;

- 9) Жылдық энергия шығыны: 52 800 000 теңге;
 10) Жылдық су шығыны: 600 000 теңге;

1.5.1 Ғимараттарға кеткен шығын және олардың амортизациясы

- 1) Жылдық жалақы мөлшері – 121 291 740 теңге;
 2) Ғимараттар мен құрылымдардың өтпелі жөндеуі – 23 025 000 теңге;

1.1 Кесте – Ғимараттарға кеткен шығынды есептеу

Объектің аты	Саны	Бағасы		Амортизация нормасы, %	Бір жылдық амортизация құны
		бірлік	барлығы		
Ұсату цехы	1	8 512 272,00	8 512 272,00	8,00	680 981,76
Бас корпус	1	23 912 483,00	23 912 483,00	8,00	1 912 998,64
Қалдық шаруашы-лығы	1	136 000,00	136 000,00	8,00	10 880,00
Асхана	1	167 000,00	167 000,00	8,00	13 360,00
Басқарма корпусы	1	760 600,00	760 600,00	8,00	60 848,00
Реагент корпусы	1	6 110 530,00	6 110 530,00	8,00	488 842,40
Жөндеу цехы	1	1 815 000,00	1 815 000,00	8,00	145 200,00
Химия лабораториясы	1	4 134 150,00	4 134 150,00	8,00	330 732,00
Барлығы	8	45 548 035,00	45 548 035,00	8,00	29 150 742,40

1.5.2 Жабдықтарға кеткен шығын және олардың амортизациясы

1.2 Кесте – Жабдықтарға кеткен шығынды есептеу

Жабдықтар аттары	Саны	Сипа-ы (қуаты) кВт	Бағасы, теңге		Амортизация нормасы, %	Амортизация құны, теңге
			Бірлік	Барлығы		
1	2	3	4	5	6	7
Ұсатқыштар:						
ККД-1200	1	90	600000,00	600000,00	20,00	120000,00
КСД-2200Гр	1	160	210000,00	210000,00	20,00	42000,00
КИД-2200	1	160	170000,00	170000,00	20,00	34000,00
Елеуіштер:						
ГСТ-31	1	30	33000,00	33000,00	20,00	6600,00
ГИТ-61А	1	44	22000,00	22000,00	20,00	4400,00

1.2 кестенің жалғасы

Диірмендер: МШР-40x50	2	2000	750000,00	1500000,00	20,00	300000,00
МШЦ-32x31	2	4000	770000,00	1540000,00	20,00	308000,00
Сұрыптағыштар: ГЦ-500	4	-	8000,00	32000,00	20,00	6400,00
ГЦ-360	8	-	7500,00	60000,00	20,00	12000,00
Насостар: ПБА-300/30	2	1000	8000,00	16000,00	20,00	3200,00
ГРА-350/40	2	3200	10000,00	20000,00	20,00	4000,00
ГРА-700/40	2	1000	7000,00	14000,00	20,00	2800,00
Флотомашиналар: ФМ-1,35	4	22	9400,00	37600,00	20,00	7520,00
ФМ-3,2	14	182	16000,00	224000,00	20,00	44800,00
ФПМ-12,5	58	1160	28000,00	1624000,00	20,00	324800,00
Қойылдырғыш: Ц-12	1	3	22000,00	22000,00	20,00	4400,00
Ц-12	2	6	20000,00	40000,00	20,00	8000,00
Сүзгіш: БОУ-10	1	2	52300,00	52300,00	20,00	10460,00
БОН-40	2	6	75000,00	150000,00	20,00	30000,00
Конвейер:		ені, м	теңге/м ²			
Конвейер L=16м	5	1	530,00	2650,00	20,00	530,00
Конвейер L=9м	2	1	530,00	1060,00	20,00	212,00
Конвейер L=20м	2	1	530,00	1060,00	20,00	212,00
Конвейер L=45м	1	1	530,00	530,00	20,00	106,00
Конвейер L=150м	2	1	530,00	1060,00	20,00	212,00
Конвейер L=110м	2	1	530,00	1060,00	20,00	212,00
Конвейер L=88м	1	1	530,00	530,00	20,00	106,00
Бункер:		м ³	теңге/м ³			
Бас корпус	1	39600	152,00	6019200,00	20,00	1203840,00
Ұсау цехы	1	10800	152,00	1641600,00	20,00	328320,00
Барлығы:	126	-	-	14035650,00	20,00	2807130,00

1.5.3 Өзіндік құн және шикізат өңдеу калькуляциясы

1.3 Кесте – Өзіндік құн және шикізат өңдеу калькуляциясы

№	Аттары	Бірлік бойынша			Барлығы	
		Саны	Бағасы	1 кг құны	Саны, дана	Құны
1	Бастапқы кен, тн	1	445	0,445	3000	1 335 000
2	Көмекші материалдар:					
	Ксантогенат бутилді, кг	0,045	21,60	480,00	135000,00	64800000,00
	изопропилді, кг	0,015	7,20	480,00	45000,00	21600000,00
	Мырыш купоросы	0,380	93,10	245,00	1140000,00	279300000,00
	Күкіртті натрий, кг	0,009	2,16	240,00	27000,00	6480000,00
	Данафлот тм 067, кг	0,060	9,00	150,00	180000,00	27000000,00
	Т-90, кг	0,055	14,30	260,00	165000,00	42900000,00
	Мыс купоросы, кг	0,200	29,00	145,00	600000,00	87000000,00
	Ұсатқыш футеровкасы, кг	0,128	38,50	301,00	384000,00	115584000,00
	Диірмен футеровкасы, кг	0,180	54,00	300,00	540000,00	162000000,00
	Шарлар, кг	0,600	61,00	102,00	1800000,00	183600000,00
	Сүзгіш мата, м ²	0,160	62,00	385,00	480000,00	184800000,00
Елек торы, м ²	0,140	55,00	395,00	420000,00	165900000,00	
3	Электр энергиясы және су:					
	Энергия шығыны, кВт/сағ	1,00	4,00	44,00	13200000,00	52800000,00
	Су шығыны, м ³	1,00	11,38	0,50	52724,00	600000,00
4	Жұмысшылардың еңбек ақысы :					
	Жұмысшы негізгі, тенге	1,00	42500,00	20,00	160,00	81600000,00
	Жұмысшы қосымша, тенге	1,00	2250,00	1,20	160,00	4320000,00
5	Әлеуметтік сақтандыру, 30%	1,00	85917,00	27,00	365,00	31359705,00
6	Цех шығындары:					
	ИТР және МОП жалақысы:					
	ИТР және МОП негізгі,тг	1,00	46400,00	7,55	62,00	34521600,00
	ИТР және МОП қосымша,тг	1,00	6040,00	1,21	62,00	4493760,00
7	Жабдықтардың амортизациясы	1,00	20800,00	2,20	126,00	2620800,00
8	Ғимараттардың амортизациясы	1,00	465541,00	1,20	8,00	3724328,00
9	Ғимарат пен жабдықтарды ағымды жөндеу	1,00	270102,00	4,43	48,00	12964896,00
10	капиталды	1,00	800360,00	3,24	12,00	9604320,00
	Барлығы					1415008409,00

1.4 Кесте – Концентраттың көтерме бағасы

Концентраттардың аттары	Концентрат мөлшері, т/жыл	Сапасы	1 т бағасы	Жалпы бағасы
Мыс концентраты	18000	30	12000	216000000
Қорғасын концентраты	48750	65	12000	585000000
Мырыш концентраты	54000	60	6000	324000000
Барлығы	120750			1125000000

1) 1 тонна концентраттың өзіндік құны: 9316 теңге

2) Дайын өнімнің шығынын 1 теңгеге шаққанда:

$$x = \frac{777619500}{1125000000} = 0,69$$

3) Концентраттардың өніміне кеткен шығым:

а) Мыс - $216000000 \times 0,69 = 149040000$ тг

б) Қорғасын – $585000000 \times 0,69 = 403650000$ тг

в) мырыш – $324000000 \times 0,69 = 223560000$ тг

4) Концентраттың өзіндік құны:

$$\frac{149040000}{18000} = 8280 \text{ тг}$$

$$\frac{403650000}{48750} = 8280 \text{ тг}$$

$$\frac{223560000}{54000} = 4140 \text{ тг}$$

Пайданы есептеу:

$$П = Ц - С, \quad (1)$$

$$П = 1125000000 - 777619500 = 347\,380\,500 \text{ тг}$$

Тиімділігі:

$$\frac{П * 100}{С} = \frac{347380500 * 100}{777619500} = 44,67\% \quad (2)$$

Өтеу мерзімі:

$$\frac{777619500}{347380500} = 2,24 = 2,5 \text{ жыл} \quad (3)$$

Жобаланып отырған кәсіпорынның өнімділігі 3 000 000 т/ж, тиімділігі 44,67%, өтеу мерзімі 2,5 жыл біткеннен кейін пайда әкеле бастайды.

2 Бас жоба

2.1 Бас жоба және көлік

2.1.1 Құрылыс алаңының сипаттамасы

Риддер кен байыту фабрикасы Шығыс Қазақстан облысы кенді Алтайда орналасқан. Риддер - Шығыс Қазақстандағы мыс, қорғасын, мырыш, т.б. сирек метал өндіретін Өскеменнен кейінгі үлкен өндірістік қала. Аса ірі өндірістік өнеркәсіп – полиметал комбинаты орналасқан. Кен орындарымен, байыту фабрикаларымен қоса «Казцинк» акционерлік қоғамынның құрамына кіреді. Риддер кен байыту фабрикасы “Қазмеханобр” ұсынған жоба бойынша салынған. Риддер кен байыту фабрикасының шығаратын өнімдері мыс, қорғасын және мырыш концентраты. Бұл кеніштің климаты өте континенталды, күрт ауытпалы болады. Жауын шашынын жылдық мөлшері 400-450 мм шамасында. Оның 70% -і күзде жауады. Риддер кен орынының кені сульфидті болып келеді. Риддер кенішінің кені көбінде галенит, сфалерит, мыс сульфиттерінен тұрады.

Халькопирит – $CuFeS_2$. Халькос грек сөзі, қазақша мыс деген сөз. Халькопирит – мысты пирит дегенді білдіреді. Химиялық құрамы мыстан (34,57%), темірден (30,54%) және күкірт (34,90%) тұрады. Негізгі қоспасы (кірме түрінде) алтын мен күміс. Солардан басқа құрамында селен және теллур кездеседі. Халькопириттің қаттылығы 3–4, меншікті салмағы 4.20, түсі қола сары, алтын сары. Ірі кристалдары өте сирек кездеседі. Халькопирит мыстың ең негізгі кен минералы, демек ол мыс өндіру үшін қолданылады.

Галенит – PbS . Галенит латынша галена – қорғасын минералы деген сөзден шыққан. Химиялық құрамы: Pb 86,60%, S -13,40%. Онда кездесетін кірмелерге Ag , Zn , Sc жатады. Қаттылығы 2–3, меншікті салмағы 7,50. Морттығы жоғары. Галениттің кристалдары қуыстарда кездеседі. Көбінесе ол түйірлі массалар немесе сеппеленіп шашылған формалар түрінде байқалады. Галениттің түсі қорғасынша сұр түсті. Электр тоғын нашар өткізеді. Галенит қорғасынның басты минералы. Қорғасынның дүние жүзілік қоры осы минералмен байланысты.

Сфалерит – ZnS . Гректің сфалерос-алдамшы деген сөзінен шыққан. Химиялық құрамы: Zn -67,10%, S -32,90%. Оның алдамшы аталған себебі – түсінің ақшылдан қышқыл қоңырға дейінгі өзгеруі. Бұлай өзгеруі оның құрамына кіретін темірдің үлесінің кең шекте өзгеруі: темір көбейген сайын қара қоңырлана береді. Ол түрі марматит деп, кадмийі бар сары түсті, ақшыл-сұр түстісі пршибрамит деп аталады. Темірден басқа оның басты кірмелеріне жататындар кадмий және өте шашыранды элемент индий. Олардан басқаларына күміс, қорғасын және т.б жатады. Сфалериттің қаттылығы 3–4, меншікті салмағы 3–4. Электр тоғын өткізбейді. Ол жеке кен орнын құрамайды, тек басқа сульфидтермен бірге кездеседі, әсіресе галенитте, мыс сульфидтерімен және пиритпен .

2.1.2 Бас жоба көрсеткіштері және шешімдері

Фабриканың бас жобасының құрамына төмендегідей ғимараттар мен құрылымдар кіреді.

Ғимараттар:

- 1) Ұсату корпусы: ірі ұсату цехы мен орта және майда ұсату цехтарынан тұрады – 420 м²;
- 2) Бас корпус ауданы: ұнтақтау, флотация, қойылдыру және сүзу цехынан тұрады – 1980 м²;
- 3) Жөндеу цехының ауданы – 350 м²;
- 4) Асхана ауданы – 300 м²;
- 5) Басқарма корпусының ауданы – 500 м²;
- 6) Реагент корпусының ауданы – 350 м²;

Құрылымдар:

- 1) Ашық жөндеу алаңының ауданы – 650 м²;
- 2) Галерей ауданы – 200 м².

Ғимараттар мен құрылымдардың барлық ауданы – 4750 м²;

Ірі, орта және майда ұсату цехы фабриканың бас корпусымен галерей арқылы жалғасқан. Қойылдыру және сүзу цехтары бірге бас корпусқа жалғасқан. Барлық инженерлік жүйелер жер астында орналасқан. Ол тасымалданатын құбырлар темір бетонды тіреуіштерге отырғызылған. Трансформаторлық подстанцияларға ашық энергия жүйесі қосылған (ЛЭГ – 10 кв). Алаңның жалпы ауданы – 20000 м². Оның ішінде ғимараттар мен құрылымдардың ауданы – 4750 м². Теміржол мен көлік жолдарының ауданы – 1200 м². Жасылдандыру мен жабдықталудың ауданы – 6000 м².

Құрылым коэффициенті:

$$K_3 = \frac{S_1}{S_0}; \quad (4)$$

Мұндағы: S_1 – ғимараттар мен құрылымдар тұрған алаң, м²;

S_0 – территорияның жалпы алаңы, м².

$$K_3 = \frac{4750}{20000} = 23,75\%$$

Алаңды пайдалану коэффициенті:

$$K_{II} = \frac{S_2}{S_0}; \quad (5)$$

Мұндағы: S_2 – алаңды көгалдандыру мен көріктендіруден басқа ауданы, м².

$$K_{II} = \frac{20000 - 4750}{20000} = 76,25\%$$

3 Өндіріс технологиясы

3.1 Шикізат қорының сипаттамасы

Риддер кен байыту фабрикасы Шығыс Қазақстан облысы кенді Алтай орналасқан. Риддер – Шығыс Қазақстандағы мыс, қорғасын, мырыш, т.б. сирек метал өндіретін Өскеменнен кейінгі үлкен өндірістік қала. Аса ірі өндірістік өнеркәсіп – полиметал комбинаты орналасқан. Риддер кен орынының кені сульфидті болып келеді. Риддер кенішінің кені көбінде галенит, сфалерит, мыс сульфиттерінен тұрады.

Кенді автокөлік арқылы тасымалдайды. Мыс, қорғасын-мырыш кендерінің негізгі қоры типіне жатады.

Риддер кенішінің мыс, қорғасын-мырыш кені сульфидті.

Сульфидті кенге жататындары негізінен: сфалерит пен галенит, ал аз мөлшерде пирит, халькопирит және сирек кездесетін минералдар.

Кеннің структурасы қиыршықты және субграфикалы.

3.1.1 Цехтардың жұмыс істеу тәртібі және олардың өнімділігі

Жобалауға берілген фабриканың өнімділігі – 3 000 000 т/жылына.

Кенді ашық карьерден өндірілетін болғандықтан ұсату цехы жылына 305 күн жұмыс істейді, 3 смена 8 сағаттан.

Ұсату цехының тәуліктік өнімділігі:

$$Q_T \frac{Q_{\text{ж}}}{305} = \frac{3000000}{305} = 9836,07 \text{ т/тәулігіне}, \quad (6)$$

Сағаттық өнімділігі:

$$Q_c \frac{Q_T}{n * m * \eta} = \frac{9836,07}{3 * 8 * 0,71} = 577,23 \text{ т/сағ.}, \quad (7)$$

мұндағы η – кеннің біркелкі берілмеуін ескеретін коэффициент;

n – смендегі жұмыс істеу сағаты;

m – тәуліктегі смен сағаты.

Фабриканың бас корпусы жылына 340 күн, 3 смена 8 сағаттан жұмыс істейді. Қалған күндері негізгі және қосалқы жабдықтарды кестеге сәйкес күрделі жөндеулерден өтулері қажет.

Бас корпусының тәуліктік өнімділігі:

$$Q_T \frac{Q_{\text{ж}}}{340} = \frac{3000000}{340} = 8823,53 \text{ т/тәулігіне}$$

Сағаттық өнімділігі:

$$Q_c \frac{Q_T}{n * m * \eta} = \frac{8823,53}{3 * 8 * 0,87} = 422,58 \text{ т/сағ.}$$

Сусыздандыру цехы бас корпуспен бір тәртіпте жұмыс істейді.

3.1.2 Жұмыс жасап тұрған фабриканың жұмысын талдау

Полиметалды кендерден барлық сульфидтерді бірге бөліп алу кейбір жағдайда жақсы нәтиже береді. Осылай оларды коллективті схемамен бөліп алу кеннің қасиеттеріне байланысты. Кенде мыс минералдарының туынды сульфидтері болғанда, олардың тез тотығуына байланысты пульпада белгілі мөлшерде мыс катиондары пайда болып басқа сульфидтері болғанда, олардың тез тотығуына байланысты пульпада белгілі мөлшердеи мыс катиондары пайда болып басқа сульфидтерді, әсіресе сфалеритті активтендіріп жібереді. Сондықтан оларды басу қиындайды, тіпті мүмкін емес. Себебі, басқыш реагенттер тиімді әрекет жасау үшін олардың пульпадағы концентрациялары белгілі мөлшерден төмен болмауы керек. Бастапқы кенді пульпаның көлемінің зор екенін ескерсек, онда реагенттердің жеткілікті концентрациясын жсасу үшін шығындары өте жоғары болар еді. Онымен қатар кендегі бос жыныс минералдарыда үлкен әсер етеді. Олардың бірсыпырасы қатты минералдар, мысалы, кварц. Пульпада олар соқтығысу нәтижесінде түйіршіктердің беттерінде адсорбцияланға реагенттеге «сыдыру» әсерін тигізеді. Түйіршіктердің (флотациялауға жататын) ауа көпіршіктерге жабысуын төмендетеді.

Коллективті флотация жүргізілсе бос жыныс минералдары процесс басында бөлінуінің нәтижесінде концентратты пульпа көлемі ондаған есе азаяды, соның нәтижесінде реагент шығындары азаяды.

Коллективті флотациялаудың екінші бір тиімді жағы бар ол бағалы минералдардың сепкілдігімен байланысты. Көпшілік кендерде бағалы минералдар түйіршіктері бір-бірімен қауышпа түрінде кездеседі. Минералдардың саны көбейген сайын, ол қауышпалардың размерлеріарта береді. Флотациялау алдында оларды бос жыныс минералдарынан бөлуді кенді ірі ұнтақтағаннан кейін жүргізуге болады. Қандай ұнтақтыққа жеткізу қажеті қауышпалардың размерлерімен анықталады. Неғұрлым олар ірі болса, соғұрлым ұнтақтауда іріленеді де оған қажетті энергия шығыны азаяды. Ірі ұнтақтау мөлшері 40-60% -0,074+0 мм болуы мүмкін. Осындай ұнтақтаудан кейін алынған коллективті концентраттың шығыны кенмен салыстырғанда ондаған есе азаяды. Селективті флотация алдында минералдарды бір-бірінен ажырату үшін ұнтақтауға өте аз материал түседі, демек ұнтақтау процестеріне шығарылатын шығын көп азаяды. Сонымен қатар, концентратты пульпаныңда көлемі көп азайып, оларды бөлуге қолданылатын реагенттердің шығындары да азаяды.

Осы бағытта бірсыпыра зерттеулер жүргізілді. Соның нәтижесінде мыс-қорғасын-мырыш пиритті концентратты циансыз біртіндеп бөлу әдісі жасалды (ҚазҰТУ). Ол әдісті табуға негіз болған жай-натрий сульфитін (не күкіртті газды) рН-8,0-де қолдану. Әдістің басты шарты-пульпада металды темір болуы керек. Оларға қосымша кальций қосындысы қолданылады.

Коллективті-концентрат, көбінде кенді ірілеу ұнтақтағаннан кейін бөлінеді. Сондықтан оны селективті флотациялау алдында минералдарды

толық аждырату үшін қосымша ұнтақталады. Ұнтақтау алдында десорбция операциясы жүргізіледі. Қолданылатын сульфитті натрийдың жартысы және кальций қосындысы (мысалы, хлорлы кальций) диірменге беріледі. Металды темірдің ролін шарлардың, футеровкалардың беттері атқарады. Ұнтақталған кенге (сұрыптағыштың ағызындысы) мыс флотациясы алдында қосымша сульфитті натрийдің екінші жартысы қосылып рН-8-ге төмендетіліп (егер ол 8,5 нан жоғары болса) 5,0 минуттай ауаланады. Содан кейін ксантогенат және көбіктендіргіш беріліп мыс флотациясы жүргізіледі.

Галенитті активтендірудің жолдары зерттелудің нәтижесінде жаңа әдіс табылды. Ол үшін мыс флотациясының қалдығы перманганатпен араластырылады. Осының нәтижесінде пирит және сфалерит басылған күйінде қалып галенит активтеніп флотацияланады. Перманганаттың шығыны орташа 100-150 г/т (концентрат тоннасына шаққанда) перманганат пульпаға бірден бәрі берілмей бөлінді берілуі дұрысырақ нәтиже береді.

Қорғасын флотациясының қалдығынан сфалеритпен пирит стандартты реагенттермен өңделіп барып флотацияланады.

Жалпы толық коллективті схеманы қолдану кедей кендерін байыту үшін дұрыс бағыт деуге болады. Ол бағалы компоненттерді кеннен толығырақ және комплексті бөлуге мүмкін береді, энергия шығындары реагенттер шығындары азаяды. Лас суды тазалау жеңілдетіледі. Мыс –қорғасын-мырыш-пиритті коллективті концентратты бөлуде мырыш және пирит концентраттарын алудың да өз ерекшеліктері бар. Жалпы жер жүзілік тәжірибеде мырыш концентратын алуда сфалерит мыс купоросымен ғана активтендіріледі. Бұл циклдегі басты мақсат-мырыш концентраты неғұрлым жоғары сапалы етіп алу. Оның құрамында темір көбейген сайын металлургиялық өндеу қиындай береді, демек темір өте зиянды кірме. Осыған байланысты мырыш флотациясында пирит ақ кірішпен басылады. Осы әдіспен оны толық басуға болады. Ол үшін пульпа рН-ы кейде 11-12-де дейін жоғарлатылуы қажет. Бірақ еске алатын бір жай-ортаның сілтілігі жоғарлаған сайын мыс купоросының және жинағыш реагентінің шығыны өсе береді. Онымен қоса сфалериттің құрамында темір жоғарлаған сайын (марматит) оның флотоактивтілігі төмендейді. Осыған байланысты қолданылатын бір әдіс –пиритті толық баспай, тек негізін басуға жеткілікті етіп қана ақ кіріш беріледі. Соның нәтижесінде рН төмендейді де, сфалериттің активтенуі және флотациялануы жоғарлайды. Бірақ оның есесіне мырыш концентратының сапасы төмендейді. Сапаны көтеру үшін тазалау операциясына ақ кіріш қосымша беріліп, рН жоғарлатылады. Соның нәтижесінде пирит бетінен жинағыш ығыстырылады да, пирит басылады. Ал активтенген сфалерит бетінде жинағыш реагент оның флотациялануына жеткілікті мөлшерде қалады.

Мырыш флотациясының қалдығы пирит концентраты түрінде алынады. Сфалеритті активтендіруге кететін мыс купоросының шығыны көпшілік жағдайда 400-600 г/т болады. Оның жоғары болуы себебі-жоғары сілтілі ортада мыстың негізі суда еруі төмен гидрокиске айналып кетеді. Сондықтан оның

шығынын азайтудың бір жолы, жоғарыда айтылғандай, неғұрлым рН-тың төмендеу болуы.


3.1.3 Технологиялық схеманы таңдау

Жобаланып отырған фабриканың негізіне жұмыс істеп тұрған Риддер фабрикасының технологиялық схемасы алынды. Демек, технологиялық схемаға айтарлықтай өзгеріс енген жоқ. Жұмыс істеп тұрған фабриканың технологиялық көрсеткіштері қанағаттандырарлық. Жобаланып отырған фабриканың негізгі көрсеткіштері төмендегідей:

$\alpha_{Cu}=2.0\%$	$\beta_{Cu}=30\%$	$\varepsilon_{Cu}=85\%$
$\alpha_{Pb}=2.5\%$	$\beta_{Pb}=65\%$	$\varepsilon_{Pb}=80\%$
$\alpha_{Zn}=3.0\%$	$\beta_{Zn}=60\%$	$\varepsilon_{Zn}=92\%$

3.1.4 Ұсату схемасын таңдау және есептеу

Байытылатын кеннің керекті ірілігін алу үшін бастапқы кен ұсатудың үш сатысынан өтеді.



3.1 Сурет – Ұсату схемасы

1. Ұсату цехының сағаттық өнімділігі:

$$Q_n = \frac{Q_a}{305 * \partial n \eta}, \quad (8)$$

$$Q_c \frac{Q_T}{n * m * \eta} = \frac{3000000}{305 * 3 * 8 * 0,71} = 577,23 \text{ т/сағ.}$$

2. Жалпы ұсату дәрежесі:

$$S_a = \frac{D_{\max}}{d_i} = \frac{800}{12} = 66,67, \quad (9)$$

3. Орта ұсату дәрежесі:

$$S_o = \sqrt[3]{S_{\text{ж}}} = \sqrt[3]{66,67} = 1,69, \quad (10)$$

4. Ұсатудың жеке дәрежелері:

$$S_I = D_{\max} / d_I = 800 / 240 = 3,33, \quad (11)$$

$$S_o = 1,69$$

$$S_{III} = S_{\text{ж}} / S_I S_{II} = 66,67 / 3,33 * 1,69 = 11,85, \quad (12)$$

5. Ұсатылған кеннің номиналды ірілігі:

I-ұсату сатысы $d_I = D_{\max} / S_I = 800 / 3,33 = 240,24$

II-ұсату сатысы $d_{II} = d_I / S_{II} = 240,24 / 1,69 = 142,27$

III-ұсату сатысы $d_{III} = d_{II} / S_{III} = 142,27 / 11,85 = 12,00$

6. Ұсатқыштар жырығының мөлшері:

$$I_{II} = d_{II} / Z_{II} = 142,27 / 1,7 = 83,69$$

$$I_I = d_I / Z_I = 240,24 / 1,6 = 150,15$$

мұнда: Z-тың сандық маңызын белгілі сипаттамаға сәйкес кеннің қаттылығы мен әр ұсату сатыларын ескере отырып қабылдаймыз.

Елеуіш елегінің тесіктерінің размері:

$$\alpha_{II} = i_{II} * Z_{II} = 35 * 1,7 = 60 \text{ мм};$$

$$\alpha_{III} = i_{III} = 12 \text{ мм};$$

Елеуіш тиімділігі: $E_{II} = 80 \%$

$E_{III} = 85 \%$

3.1 Кесте - Өнімнің ірілік сипаттамасы ($l_p = 130 \text{ мм}$)

Анықталатын класс, l_p	Класс ірілігі, мм	“+”	“-”
		бойынша класс шығыны	бойынша класс шығыны
0,2*150	30	90	10
0,4*150	60	70	30
0,8*150	120	40	60
1,2*150	180	15	85
1,6*150	240	5	95

3.2 Кесте - Өнімнің ірілік сипаттамасы $i_p=35$ $d_H=60$


Анықталатын класс, $d_H=51$	Ірілік класс, мм	“+” бойынша класс шығыны	“-” бойынша класс шығыны
0,2*60	12	67	33
0,4*60	24	40	60
0,6*60	36	22	78
0,8*60	48	10	90
1,0*60	60	5	95

3.3 Кесте - Өнімнің ірілігінің есептелген сипаттамасы


Ірілік класс, мм	“-” бойынша класс шығымы, %	“+” бойынша класс шығыны
30	$\beta_4^{-30} = \beta_0^{-30} + b_0^{+150} * \beta_3^{-30} = 4 + 0.81 * 10 = 12$	88
60	$\beta_4^{-60} = \beta_0^{-60} + b_0^{+150} * \beta_3^{-60} = 7 + 0.81 * 30 = 31$	69
120	$\beta_4^{-120} = \beta_0^{-120} + b_0^{+150} * \beta_3^{-120} = 15 + 0.81 * 60 = 56$	44
180	$\beta_4^{-180} = \beta_0^{-180} + b_0^{+180} * \beta_3^{-180} = 23 + 0.77 * 85 = 88$	12
240	$\beta_4^{-240} = \beta_0^{-240} + b_0^{+240} * \beta_3^{-240} = 28 + 0.72 * 95 = 96$	4

3.4 Кесте - Өнім ірілігінің есептелген сипаттамасы


Ірілік класс, мм	“-” бойынша класс шығымы, %	“+” бойынша класс шығыны
12	$\beta_8^{-12} = \beta_4^{-12} + b_0^{+35} * \beta_7^{-12} = 5 + 0.85 * 33 = 33$	67
24	$\beta_8^{-24} = \beta_4^{-24} + b_0^{+35} * \beta_7^{-24} = 10 + 0.85 * 60 = 61$	39
36	$\beta_8^{-36} = \beta_4^{-36} + b_0^{+36} * \beta_7^{-36} = 15.4 + 0.84 * 78 = 81$	19
48	$\beta_8^{-48} = \beta_4^{-48} + b_0^{+48} * \beta_7^{-48} = 23 + 0.77 * 90 = 92$	8
60	$\beta_8^{-60} = \beta_4^{-60} + b_0^{+60} * \beta_7^{-60} = 31 + 0.69 * 95 = 97$	3



3.1 Сурет - Бастапқы кеннің ірілік құрамының графигі



3.2 Сурет - Өнімнің гранулометриялық сипаттамасы



3.3 Сурет - Өнімнің гранулометриялық сипаттамасы

3.1.5 Ұнтақтау схемасын таңдау және есептеу

Таңдап алынған ұнтақтау схемасы ірілігі жағынан қорғасын және мырышты флотациялағанда дайын класты алуды қамтамасыз етеді.

I сатыдағы ұнтақтау процессіндегі айналмалы жүк мөлшері $C=100\%$

II сатыдағы ұнтақтау процесіндегі айналмалы жүк мөлшері $C=100\%$.

Байыту өнімдерінің шығымдарын (γ) анықтаймыз, %:

$$\gamma_0 = 100\%$$

$$\gamma_1 = \gamma_0 + \gamma_4 = 100 + 100 = 200\%$$

$$\gamma_2 = \gamma_1 = 250\%$$

$$\gamma_3 = \gamma_0 = 100\%$$


$$\gamma_4 = \tilde{N} = 100\%$$

$$\gamma_5 = \gamma_3 + \gamma_8 = 100 + 100 = 200\%$$

$$\gamma_6 = \gamma_5 - \gamma_7 = 200 - 100 = 100\%$$

$$\gamma_7 = \gamma_8 = 100\%$$

$$\gamma_8 = \tilde{N} = 100\%$$



3.4 Сурет – Ұнтақтау схемасы

Өнімдердің шығымдарын білу арқылы олардың салмағын анықтауға болады.

$$Q = 422,58 \text{ т/с}$$

$$Q_1 = \frac{100 \cdot 422,58}{100} = 422,58 \text{ т/с}$$

$$Q_2 = \frac{200 \cdot 422,58}{100} = 845,16 \text{ т/с}$$

$$Q_3 = \frac{100 \cdot 422,58}{100} = 422,58 \text{ т/с}$$

$$Q_4 = \frac{100 \cdot 422,58}{100} = 422,58 \text{ т/с}$$

$$Q_5 = \frac{200 \cdot 422,58}{100} = 845,16 \text{ т/с}$$

$$Q_4 = \frac{100 \cdot 422,58}{100} = 422,58 \text{ т/с}$$

$$Q_7 = \frac{200 \cdot 422,58}{100} = 845,16 \text{ т/с}$$

$$Q_8 = \frac{200 \cdot 422,58}{100} = 845,16 \text{ т/с}$$

3.1.6 Металл тепе – теңдігін және байытудың санды схемасын есептеу

Кен байытуда алға қойылатын мақсаттар – кен құрамынан бағалы заттарды неғұрлым толығырақ бөліп алу және алынған өнімдердің сапасы неғұрлым жоғары болуы. Осыған сәйкес кен байыту процестерінің нәтижелігі әртүрлі көрсеткіштермен сипаттайды. Оларға: бөліп алу дәрежесі, бағалы зат үлесі, байыту тиімділігі, өнім шығымы және қысқарту дәрежесі.

Металл тепе-теңдігі және санды схемасы 3.5 кестеде келтірілген.

3.5 Кесте – Металл тепе-теңдігін және байытудың санды схемасын есептеу

Өнімдер	ШЫҒЫМ $\gamma, \%$	% -тік үлес $\beta, \%$			Көбейтіндісі $\gamma \cdot \beta, \%$			Бөліп алу дәрежесі, $\varepsilon \%$		
		Cu	Pb	Zn	Cu	Pb	Zn	Cu	Pb	Zn
Мыс кон- центраты	5,67	30	1	2	170,1	5,67	11,34	85	2	2,3
Қорғасын концент-раты	3,08	1	65	2	3,08	200,2	6,16	2	80	1,5
Мырыш концент-раты	4,1	1	1	60	4,1	4,1	246	3,5	2,3	92
Қалдық	87,15	0,23	0,23	0,2	20,04	20,04	17,43	9,5	15,7	4,2
Кен	100	2	2,5	3	200	250	300	100	100	100

Бағалы зат үлесі:

$$\alpha_{Cu} = 2,0\% \quad \beta_{Cu} = 30\% \quad \varepsilon_{Cu} = 85\%$$

$$\alpha_{Pb} = 2,5\% \quad \beta_{Pb} = 65\% \quad \varepsilon_{Pb} = 80\%$$

$$\alpha_{Zn} = 3,0\% \quad \beta_{Zn} = 60\% \quad \varepsilon_{Zn} = 92\%$$

Шығым есептеу:

$$\gamma = \frac{\varepsilon \cdot \alpha}{\beta}, \quad (13)$$

Концентрат шығымын есептеу:

$$\gamma_{Cu} = \frac{85 \cdot 2,0}{30} = 5,67\%$$

$$\gamma_{Pb} = \frac{80 \cdot 2,5}{65} = 3,08\%$$

$$\gamma_{Zn} \frac{82 * 3,0}{60} = 4,10\%$$

Қалдық шығымын есептеу:

$$\gamma = 100 - (5,67 - 3,08 - 4,10) = 87,15 \%$$

Флотацияның толық схемасын есептеу.

Байытудың санды схемасын есептеу әр операцияға қатысты көрсеткіштер қою арқылы тепе-теңдік теңдеуін шешу жолымен жүргізіледі. Жетіспеген көрсеткіштер жинақтау дәрежесінің шамлануына қарай өздігінен қабылданып отырады. Схеманы есептеу төменде келтірілген.

Негізгі флотация Cu-Pb-Zn циклы:

$$\begin{cases} \gamma_1 + \gamma_6 = \gamma_3 + \gamma_4 \\ \gamma_1 \beta_1 + \gamma_6 \beta_6 = \gamma_3 \beta_3 + \gamma_4 \beta_4 \end{cases}$$

$$\gamma_1 = \gamma_3 + \gamma_4 - \gamma_6$$

$$\beta_1 (\gamma_3 + \gamma_4 - \gamma_6) + \gamma_6 \beta_6 = \gamma_3 \beta_3 + \gamma_4 \beta_4$$

$$7,5(23,8 + \gamma_4 - 11,9) + 7 \times 11,9 = 23,8 \times 9 + \gamma_4 \times 5$$

$$7,5(23,8 + \gamma_4 - 11,9) + 83,3 = 214,2 + 5\gamma_4$$

$$178,5 + 7,5\gamma_4 - 89,25 + 83,3 = 214,2 + 5\gamma_4$$

$$7,5\gamma_4 - 5\gamma_4 = 214,2 - 172,55$$

$$2,5\gamma_4 = 41,65$$

$$\gamma_4 = 16,66$$

$$\gamma_1 = 23,8 + 16,66 - 11,9 = 28,56$$

$$28,56 \times 7,5 + 11,9 \times 7 = 214,2 + 16,66 \times 5$$

$$297,5 = 297,5$$

$$\begin{cases} \gamma_3 = \gamma_5 + \gamma_6 \\ \gamma_3 \beta_3 = \gamma_5 \beta_5 + \gamma_6 \beta_6 \end{cases}$$

$$23,8 = \gamma_5 + \gamma_6$$

$$23,8 = \gamma_5 + 11,9$$

$$\gamma_5 = 11,9$$

$$\beta_3 (\gamma_5 + \gamma_6) = \gamma_5 \beta_5 + \gamma_6 \beta_6$$

$$9(11,9 + 11,9) = 11,9\beta_5 + 83,3$$

$$107,1 + 107,1 = 11,9\beta_5 + 83,3$$

$$11,9\beta_5 = 214,2 - 83,3$$

$$11,9\beta_5 = 130,9$$

$$\beta_5 = 11$$

$$\gamma_3 = 11,9 + 11,9 = 23,8$$

$$214,2 = 130,9 + 83,3$$

$$214,2 = 214,2$$

$$\begin{cases} \gamma_2 = \gamma_7 + \gamma_8 \\ \gamma_2 \beta_2 = \gamma_7 \beta_7 + \gamma_8 \beta_8 \end{cases}$$

$$\begin{aligned} \beta_2 (\gamma_7 + \gamma_8) &= \gamma_7 \beta_7 + \gamma_8 \beta_8 \\ \gamma_7 &= 34 \\ \gamma_2 &= 88,1 + 34 = 122,1 \\ 122,1 &= 122,1 \end{aligned}$$

Су-Рв циклы:

$$\begin{cases} \gamma_1 + \gamma_8 = \gamma_3 + \gamma_4 \\ \gamma_1 \beta_1 + \gamma_8 \beta_8 = \gamma_2 \beta_2 + \gamma_4 \beta_4 \end{cases}$$

$$\begin{aligned} \gamma_1 &= \gamma_3 + \gamma_4 - \gamma_8 \\ \beta_1 (\gamma_3 + \gamma_4 - \gamma_8) + \gamma_8 \beta_8 &= \gamma_2 \beta_2 + \gamma_4 \beta_4 \\ 10(6,5 + \gamma_4 - 0,9) + 0,9 \times 8 &= 6,5 \times 20 + \gamma_4 \times 6 \\ 4\gamma_4 &= 66,8 \\ \gamma_4 &= 16,7 \\ \gamma_1 &= 6,5 + 16,7 - 0,9 = 22,3 \\ 22,3 \times 10 + 0,9 \times 8 &= 6,5 \times 20 + 16,7 \times 6 \\ 230,2 &= 230,2 \end{aligned}$$

$$\begin{cases} \gamma_2 = \gamma_5 + \gamma_6 \\ \gamma_2 \beta_2 = \gamma_5 \beta_5 + \gamma_6 \beta_6 \end{cases}$$

$$\begin{aligned} \beta_2 (\gamma_5 + \gamma_6) &= \gamma_5 \beta_5 + \gamma_6 \beta_6 \\ \gamma_5 + 94,4 &= 2 \times \gamma_5 + 94,4 \times 0,26 \\ \gamma_5 &= 69,86 \\ \gamma_2 &= 69,86 + 94,4 = 164,3 \\ 164,3 &= 69,86 \times 2 + 94,4 \times 0,26 \\ 164,3 &= 164,3 \end{aligned}$$

$$\begin{cases} \gamma_3 = \gamma_7 + \gamma_8 \\ \gamma_3 \beta_3 = \gamma_7 \beta_7 + \gamma_8 \beta_8 \end{cases}$$

$$\begin{aligned} \beta_3 (\gamma_7 + \gamma_8) &= \gamma_7 \beta_7 + \gamma_8 \beta_8 \\ 20(5,6 + \gamma_8) &= 5,6 \times 22 + \gamma_8 \times 8 \\ 112 + 20\gamma_8 &= 103,2 + 8\gamma_8 \\ 12\gamma_8 &= 11,2 \\ \gamma_8 &= 0,9 \\ \gamma_3 &= 5,6 + 0,9 = 6,5 \\ 20 \times 6,5 &= 5,6 \times 22 + 8 \times 0,9 \\ 130 &= 130 \end{aligned}$$

Су циклы:

$$\begin{cases} \gamma_{10} = \gamma_{15} + \gamma_{16} \\ \gamma_{10} \beta_{10} = \gamma_{15} \beta_{15} + \gamma_{16} \beta_{16} \end{cases}$$

$$\begin{aligned} \beta_{10} (\gamma_{15} + \gamma_{16}) &= \gamma_{15} \beta_{15} + \gamma_{16} \beta_{16} \\ 20(\gamma_{15} + 2,6) &= \gamma_{15} \times 25 + 2,6 \times 2 \\ 20\gamma_{15} + 5,2 &= 25\gamma_{15} + 5,2 \\ 5\gamma_{15} &= 46,8 \end{aligned}$$

$$\begin{aligned} \gamma_{15} &= 9,4 \\ \gamma_{10} &= 9,4 + 2,6 = 12 \\ 20 \times 12 &= 25 \times 9,4 + 5,2 \\ 240 &= 240 \end{aligned}$$

$$\begin{cases} \gamma_{11} = \gamma_{13} + \gamma_{14} \\ \gamma_{11}\beta_{11} = \gamma_{13}\beta_{13} + \gamma_{14}\beta_{14} \\ \beta_{11}(\gamma_{13} + \gamma_{14}) = \gamma_{13}\beta_{13} + \gamma_{14}\beta_{14} \\ 35(\gamma_{14} + 3) = 29 \times \gamma_{14} + 40,3 \times 3 \\ 35\gamma_{14} + 105 = 120 + 29\gamma_{14} \\ 6\gamma_{14} = 15 \\ \gamma_{14} = 2,5 \\ \gamma_{11} = 5,5 \\ 5,5 \times 35 = 120 + 29 \times 2,5 \\ 192,5 = 192,5 \end{cases}$$

$$\begin{cases} \gamma_9 + \gamma_{14} = \gamma_{11} + \gamma_{12} \\ \gamma_9\beta_9 + \gamma_{14}\beta_{14} = \gamma_{11}\beta_{11} + \gamma_{12}\beta_{12} \\ \gamma_9 = \gamma_{11} + \gamma_{12} - \gamma_{14} \\ \beta_9(\gamma_{11} + \gamma_{12} - \gamma_{14}) + \gamma_{14}\beta_{14} = \gamma_{11}\beta_{11} + \gamma_{12}\beta_{12} \\ 30(5,5 + \gamma_{12} - 2,5) + 72,5 = 192,5 + 28\gamma_{12} \\ 165 + 30\gamma_{12} - 75 + 72,5 = 192,5 + 28\gamma_{12} \\ 2\gamma_{12} = 30 \\ \gamma_{12} = 15 \\ \gamma_9 = 5,5 + 15 - 2,5 = 18 \\ 18 \times 30 + 72,5 = 192,5 + 28 \times 15 \\ 612,5 = 612,5 \end{cases}$$


Негізгі Zn циклы:

$$\begin{cases} \gamma_5 = \gamma_7 + \gamma_8 \\ \gamma_5\beta_5 = \gamma_7\beta_7 + \gamma_8\beta_8 \\ \beta_5(\gamma_7 + \gamma_8) = \gamma_7\beta_7 + \gamma_8\beta_8 \\ 55(\gamma_8 + 5,3) = 5,3 \times 60 + 50 \times \gamma_8 \\ 50\gamma_8 + 212,5 = 20\gamma_8 + 255 \\ 30\gamma_8 = 42,5 \\ \gamma_8 = 5,3 \\ \gamma_5 = 5,3 + 5,3 = 10,6 \\ 583 = 583 \end{cases}$$

$$\begin{cases} \gamma_3 + \gamma_8 = \gamma_5 + \gamma_6 \\ \gamma_3\beta_3 + \gamma_8\beta_8 = \gamma_5\beta_5 + \gamma_6\beta_6 \\ \gamma_3 = \gamma_5 + \gamma_6 - \gamma_8 \\ \beta_3(\gamma_5 + \gamma_6 - \gamma_8) + \gamma_8\beta_8 = \gamma_5\beta_5 + \gamma_6\beta_6 \\ 20(5,7 + \gamma_6 - 1,4) + 28 = 285 + 18\gamma_6 \\ 114 + 20\gamma_4 - 28 + 28 = 285 + 18\gamma_4 \end{cases}$$

$$\begin{aligned}
& \gamma_6 = 5,5 \\
& \gamma_3 = 10, +5,5 - 5, = 10,8 \\
& 805 = 805 \\
& \begin{cases} \gamma_1 + \gamma_6 = \gamma_3 + \gamma_4 \\ \gamma_1\beta_1 + \gamma_6\beta_6 = \gamma_3\beta_3 + \gamma_4\beta_4 \end{cases} \\
& \gamma_1 = \gamma_3 + \gamma_4 - \gamma_6 \\
& \beta_1(\gamma_3 + \gamma_4 - \gamma_6) + \gamma_6\beta_6 = \gamma_3\beta_3 + \gamma_4\beta_4 \\
& 20(5,7 + \gamma_4 - 1,4) + 28 = 285 + 18\gamma_4 \\
& 114 + 20\gamma_4 - 28 + 28 = 285 + 18\gamma_4 \\
& \gamma_4 = 10,8 \\
& \gamma_1 = 16,18 \\
& 864 = 864
\end{aligned}$$

$$\begin{aligned}
& \begin{cases} \gamma_2 = \gamma_9 + \gamma_{10} \\ \gamma_2\beta_2 = \gamma_9\beta_9 + \gamma_{10}\beta_{10} \end{cases} \\
& \beta_2(\gamma_9 + \gamma_{10}) = \gamma_9\beta_9 + \gamma_{10}\beta_{10} \\
& 2(\gamma_9 + 4,15) = 3\gamma_9 + 4,15 \times 0,32 \\
& \gamma_9 = 8,5 \\
& \gamma_2 = 4,15 + 8,5 = 12,65
\end{aligned}$$




3.5 Сурет – Байыту технологиялық схемасы

3.1.7 Суыздандыру схемасын есептеу

Риддер мыс, қорғасын және мырыш концентраттары суыздандыру процесінен өтеді.

Ол процесс екі сатыдан тұрады.



3.6 Сурет - Суыздандыру схемасы

3.6 Кесте - Су тепе-теңдігі

Түсетін		Шығатын	
Өнім аты	Су мөлшері, т/сағ	Өнім аты	Су мөлшері, т/сағ
Бастапқы кенмен	335	Си концентрат	18
I ұнтақтау	207	Ағызынды қойылдыру	8
Коллективті флот.	404	Pb концентраты	34
I тазалау	21	Ағызынды қойылдыру	4
II тазалау	13	Zn қойылдыру	16
Сұрыптау жуу	39	Ағызынды қойылдыру	4
сұрыптау	84	Қалдық	141
Негізгі Си-Pb флот.	4	Бақ.фл.камер.өнімі	1000
I тазалау фл.	4	Қойылдыру ағызындысы	58
II тазалау фл.	65		
III тазалау фл.	7		
Негізгі мыс флот.	12		
I тазалау	6		
II тазалау	10		
III тазалау	4		
Zn флот. - II таз.	20		
Zn флот. - III таз	20		
Қойылдыру	29		
Барлығы	1283	Барлығы	1283

3.7 Кесте - Су-шламды схема

Түсетін

Шығатын

Өнімдер	Ү, %	Қат.мас с. Q _T	Қат.құр . %	Су мас m _{H₂O}	Пульп а масса m, т	Пульп а көлемі	Өнімнің аты	Ү, %	Қат.мас с. Q _T	Қат.құр. %	Судың массасы m _{H₂O}	Пульп а m, т
I ұнтақтау												
Кен	100	422	96	30	452		Ұнтақтаудың ағызындысы	200	844	58	607	1451
I Сұрыптау құмы	100	422	64	242	664							
Су				335	335							
Барлығы	200	844	58	607	1451							
I Сұрыптау												
I Ұнтақтаудың ағызындысы	200	844	58	607	1451		Гидроциклон ағызындысы	100	422	40	633	1055
Су				207	207		Гидроциклон құмы	100	422	70	181	603
Барлығы	200	844	51	814	1658		Барлығы	200	844	51	814	1658
Негізгі мыс-қорғасын-мырыш коллективті флотациясы												
II гидр.ағыз.	100	422	40	633	1055		Көбікті өнім	38,5	162	30	379	542
I таз.кам.өнімі	23,6	100	21	371	497		Камер. өнім	119,1	503	26	1393	1922
бақ.көб.өнімі	34	143	30	364	507							
Су				404	404							
Барлығы	157,6	665	27	1772	2463		Барлығы	157,6	665	27	1772	2463
Бақылау флотациясы												
